



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелерді бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 328 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 6 қаңтар тіркелді Тіркеу N 1022. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2011 жылғы 30 мамырдағы N 57 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2011.05.30 N 57 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі мүлікті ойдағыдай басқару мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І

:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелері бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметов С.К.):

1) Заң департаментімен бірлесіп (Шәріпов С.Б.) осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден ө т к і з с і н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және бекітілген Ережелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық бөлімшелеріне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдуллинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

7

қ а з а н д а ғ ы

N 3 2 8

қ а у л ы с ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сату ережелері

Ескерту: Ереженің бүкіл мәтіні бойынша "әкімшілік қызметі бөлімшесі", "әкімшілік қызметі бөлімшесінің" деген сөздер тиісінше "шаруашылық бөлімшесі", "шаруашылық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 25 мамырдағы N 63 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

1. Осы Ережелер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне, Басқарманың және Директорлар кеңесінің қаулыларына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 25 мамырдағы N 63 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

2. Осы Ережелер күші Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) және оның филиалдарының ақысы мәулетпен төленетін не бірден төленетін тұрғын үйді сату тәртібін белгілейді.

Осы Ережелердің күші Ұлттық Банктің орталық аппаратының барлық бөлімшелеріне және филиалдарына қолданылады.

Осы Ережелердің нормалары Ұлттық Банктің тұрғын үйге мұқтаж қызметкерлерін есепке қоюға және оларға тұрғын үй беруге негіз болып табылмайды оның және тәртібін реттемейді.

1. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

3. Осы Ережелерде пайдаланылатын түсініктердің мынадай мағыналары бар:

1) бухгалтерия - Ұлттық Банк филиалының қосымша есеп жүргізетін бөлімшесі ;

2) бас бухгалтерия - орталық аппараттың бөлімшесі;

3) сатып алу-сату шарты - Ұлттық Банк пен Сатып алушы арасында, филиалдарда - Ұлттық Банктің филиалдары мен Сатып алушы арасында

жасалатын ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сату туралы келісім;

4) Комиссия - Ұлттық Банк (орталық аппарат және филиалдар) бөлімшелерінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сату туралы өтінішін қарау жөніндегі Ұлттық Банктің тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы;

5) мүлікке және дебиторлық берешек сомасына иелік ету жөніндегі комиссия - Ұлттық Банк пен Ұлттық Банк филиалдарының жұмыс комиссиясының мүлікке және шаруашылық қызметке байланысты дебиторлық берешек сомасына иелік ету туралы өтініштерін қарау жөніндегі Ұлттық Банктің тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы ;

6) операция бөлімшесі - Ұлттық Банктің орталық аппаратының бөлімшесі;

7) жауапты бөлімше - Ұлттық Банк жүйесінде жұмыс істемейтін адамдарға тұрғын үйді сатуға өтініштерді алдын ала қарау, сатып алу-сату шарттарын жасау, олардың орындалуын бақылау жұмысын жүзеге асыратын Ұлттық Банктің бөлімшесі (шаруашылық бөлімшесі немесе филиалдың тиісті қызметі);

8) жұмыс істейтін комиссия - негізгі құрал-жабдықтардың, тауар-материалдық құндылықтардың (қорлардың) және тазартылмаған қымбат металдар мен қымбат тастардың құнын бағалау жөніндегі Ұлттық Банктің тұрақты жұмыс істейтін бағалау комиссиясы;<*>

9) займдармен жұмыс жүргізетін бөлімше - Ұлттық Банктің орталық аппаратының қызметкерлерімен жұмыс жүргізетін бөлімшенің құрылымдық бөлімшесі немесе филиалдың тиісті қызметі;<*>

10) жалақы бойынша есеп айырысу жұмысын жүргізетін бөлімше - Ұлттық Банктің орталық аппаратының қызметкерлерімен жұмыс жүргізетін бөлімшенің құрылымдық бөлімшесі ;

11) Сатып алушы - Ұлттық Банк тұрғын үйді сататын жеке адам;

12) ағымдағы төлемдер - Сатып алушы сатылған тұрғын үйдің құнын сатып алу-сату шарты қолданылатын мерзім ішінде біртіндеп азайтатын төлемдер;

13) Орталық - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің жылжымайтын

мүлік жөніндегі аймақтық орталығы;

14) заң бөлімшесі - Ұлттық Банктің орталық аппаратының бөлімшесі;

15) заң қызметі - Ұлттық Банк филиалының бөлімшесі.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 465 қаулысымен .

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4. Тұрғын үй комиссияның хаттамасы және Ұлттық Банктің орталық аппаратының бөлімшелері немесе филиалдары басшыларының өтініштері негізінде Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің рұқсатымен сатылады.

5. Ұлттық Банк бос тұрған үйді Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және Ұлттық Банк жүйесінде кемінде 3 (үш) жыл жұмыс стажы бар Ұлттық Банктің қызметкерлеріне ақысы мәулетпен төленетін сатып алу-сату шарты негізінде сатады. Ұлттық Банк жүйесінде жұмыс стажы 3 (үш) жылдан кем болса, ерекше жағдайда тұрғын үй Ұлттық Банк Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарының өтініші бойынша қызметтік міндеттерін адал атқарған және Ұлттық Банк басшылығы тарапынан жаза алмаған жоғары білікті маманға берілуі мүмкін .

Ерекше жағдайда қоныстанған тұрғын үй Ұлттық Банк Төрағасының рұқсатымен (осы тұрғын үйде тұрып жатқан жеке тұлғаның материалдық жағдайын растайтын мүдделі бөлімше ұсынған дәлелді өтінішті және оған қоса берілген құжаттардың негізінде) және осы Ережелерде көзделген тәртіпке сәйкес уәкілетті орган белгілеген құннан төмен сатылуы мүмкін.<*>

Ескерту: 5-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 465 қаулысымен .

6. Ұлттық Банк тұрғын үйді Ұлттық Банктің қызметкері болып табылмайтын және осы тұрғын үйлерде тұрмайтын адамдарға осы Ережелерде және Ұлттық Банктің басқа да нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен сатады.

3. ТҰРҒЫН ҮЙДІ САТУ ТӘРТІБІ

7. Ұлттық Банк бөлімшелерінің тұрғын үйді сату жөніндегі өтініштері орталықтандырылып қаралуы үшін Ұлттық Банктің орталық аппаратында Ұлттық Банк Төрағасының бұйрығымен мынадай құрамда Комиссия құрылады:

1) Комиссия төрағасы - Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары;

2) Комиссия төрағасының орынбасары - шаруашылық бөлімшесінің басшысы немесе оның қызметін атқарушы адам;

3) комиссия мүшелері:

- қызметкерлермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің маманы;
- шаруашылық бөлімшесінің маманы;
- бюджетті жоспарлау және бақылау бөлімшесінің маманы;
- заң бөлімшесінің маманы;
- бухгалтерлік есеп бөлімшесінің маманы;
- операция бөлімшесінің маманы.

Бұған қоса комиссия жұмысында құжат айналымын тиісті дәрежеде жүргізу мақсатында шаруашылық бөлімшесінің қызметкерлері арасынан дауыс беруге қатыспайтын комиссияның хатшысы сайланады.<*>

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 14 маусымдағы N 232 қаулысымен .

8. Жауапты бөлімше тұрғын үйдің баланстық құнын рынок бағасына келтіру үшін Орталықта тұрғын үйдің бағасын белгілейді. Тұрғын үйді бағалауға кеткен шығыстардың орнын ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатып алуға мүдделі адамдар толтырады. Орталықтан алынған және осы тұрғын үйдің рыноктық құнын растайтын құжат бағалау комиссиясына беріледі. Бағалау комиссиясы ұсынылған құжаттарды негізгі құрал-жабдықтардың, тауар-материалдық құндылықтардың (қорлардың) және тазартылмаған қымбат металдар мен қымбат тастардың құнын белгілеу тәртібін реттейтін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен және мерзімде қарайды және өз шешімін (хаттаманы) комиссияға ұсынады.

9. Комиссия қажеттілігіне қарай Ұлттық Банктің барлық бөлімшелері мен филиалдарына қолда бар және/немесе Ұлттық Банктің балансындағы ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатып алғысы келетін адамдардың тізімін беру туралы комиссия хатшысы дайындаған жазбаша сауал жібереді. Бұл сауалда әр тұрғын үйдің жалпы және тұрған алаңын, бөлме санын, тұрғын үйлердің құнын, мекен-жайларын, мүкәммал нөмірлерін, пайдалануға берілген жылдарын, олардың сатып алынған күнін, балансқа алынған күнін, баланстық құнын, алғашқы құны мен бағалау комиссиясы белгілеген құнын, берілетін мәулет мерзімін көрсетіп ақысы мәулетпен төлеуге сатылатын бос тұрған үйлердің тізімі беріледі, сондай-ақ осы ақпаратты беру мерзімі көрсетіледі, бірақ осы сауал

жіберілген хат-хабарларда тіркелген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен
а с п а у ы к е р е к .

Ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатудың шекті мерзімі сатып
алу-сату шартын жасаған күннен бастап 10 (он) жыл.

10. Ақысы мәулетпен төленетін бос тұрған тұрғын үйді сатып алу немесе
адамдар тұрып жатқан тұрғын үйді ресімдеу үшін Ұлттық Банктің орталық
аппаратының бөлімшелері немесе филиалдары Комиссия Төрағасының атына
м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р :

1) ақысы мәулетпен төленетін бос тұрған үйді қызметкеріне немесе адамдар
тұрып жатқан тұрғын үйді жеке адамға сату туралы Ұлттық Банк аппаратының
бөлімшесі немесе филиалы басшысының дәлелді өтінішін;

2) ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатып алғысы келетін
қызметкердің немесе өзге адамның тұрғын үйдің атауы (тұрғын үйдің немесе
пәтердің), оның көлемі, құны, орналасқан жері көрсетілген өтінішін береді.

Ұлттық Банк жүйесінде жұмыс істемейтін және ақысы мәулетпен төленетін
тұрғын үйді сатып алғысы келетін адам өтінішті Ұлттық Банктің орталық
аппаратының немесе филиалының жауапты бөлімшесіне береді.

11. Комиссия өтініштерді осы Ережелердің 9-тармағында көрсетілген ақпарат
беру мерзімі өткен және барлық қажетті материалдар түскен күннен бастап 2
апта мерзім ішінде қарайды. Комиссия өз шешімін осы Ережелерде белгіленген
тәртіппен бекітуге ұсынады. Комиссияның берілетін мәулет мерзімі көрсетілген
шешімі Төраға, оның орынбасары және Комиссия мүшелері қол қойған хаттама
т ү р і н д е р е с і м д е л е д і .

Комиссияның хаттамалары 2 (екі) дана етіп жасалады: қазақ және орыс
тілдерінде бір-бірден. Хаттамалар Комиссия хатшысында сақталады және бір
жыл өткеннен кейін Ұлттық Банктің мұрағатына сақтауға өткізіледі. Комиссия
хатшысы Комиссия хаттамаларының тіркеу журналын жүргізіп отырады.

Комиссия мәжілісі қажеттігіне қарай өткізіледі.

12. Комиссия тиісті шешім қабылдағаннан кейін Комиссия хатшысы Ұлттық
Банктің Директорлар кеңесі қаулысының жобасын дайындайды.

Ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сату туралы қаулының жобасында
м ы н а д а й м ә л і м е т т е р :

1) Ұлттық Банктің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сату туралы өтініш білдіретін тиісті бөлімшесінің атауы;

2) Комиссия мен бағалау комиссиясының шешімдерін бекіту, берілетін мәулет мерзімін белгілеу;

3) Сатып алушымен сатып алу-сату шартын жасау үшін құжаттар дайындау туралы Ұлттық Банктің орталық аппаратының жауапты бөлімшесіне немесе филиалына тапсырма;

4) Ұлттық Банктің баланстық және баланстан тыс есепшоттарына тиісті жазбалар жазу туралы операция бөлімшесіне тапсырма болуы тиіс.

Қаулыға ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үй сатылатын жеке адамдардың аты-жөні, берілетін тұрғын үйлердің тізбесі, орналасқан жері, бөлме саны, жалпы және тұрғын алаңы, мүкәммал нөмірі, пайдалануға берілген жылы, олардың сатып алынған күні, балансқа қабылданған күні, балансты құны, алғашқы құны, бағалау құны, тұрғын үйді бағалауға кеткен шығыстар сомасы көрсетілген қосымша қоса беріледі.

13. Ұлттық Банк қызметкерлерінің арасында ақысы мәулетпен төленетін бос тұрған үйді сатып алғысы келетіндер болмаған жағдайда Комиссия осы тұрғын үйге қатысты барлық материалдарды, оның ішінде бағалау комиссиясының хаттамасын, мүлікке және дебиторлық иелік ету жөніндегі комиссияға қарау және Ұлттық Банктің балансынан негізгі құрал-жабдықтар объектілерін, тауар-материалдық құндылықтарды (қорларды) және шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болған дебиторлық берешекті шығару және есептен шығару тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде көзделген тәртіппен осы бос тұрған үйді жария сауда (аукцион) арқылы сату туралы шешім қабылдау үшін жібереді. Сауда (аукцион) өткізу тәртібі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен реттеліп отырады. Сауда (аукцион) өткізуге кеткен шығыстарды Ұлттық Банкке сауданың (аукционның) жеңімпаздары өтейді.

Мұндайда сауданың (аукционның) жеңімпаздарымен белгіленген тәртіппен өткізілген сауда (аукцион) нәтижелері бойынша анықталған ақысын мәулетпен төлеуге берілмейтін тұрғын үйдің толық құны бірден төленетін сатып алу-сату шарттары жасалады (осы Ережелерге N 3 қосымша). Егер өткізілген сауда (аукцион) нәтижелері бойынша тұрғын үйдің сату бағасы бағалау комиссиясы белгілеген құннан айырмашылығы болған жағдайда, осы айырма Ұлттық Банктің кірістер немесе шығыстар есепшоттарына кіреді.

14. Ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сату туралы Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Сатып алушылар жауапты және заң бөлімшелері (немесе филиалдың тиісті қызметі) қарауы үшін тиісті дәрежеде ресімделген мынадай құжаттар:

1) сатып алу-сату шартының осы Ережелердің N 1 немесе 2 қосымшаларына сәйкес 4 (төрт) дана (орыс және қазақ тілдерінде екі-екі данадан) жобасын; Мұндайда осы Ережелердің N 1 қосымшасы бойынша сатып алу-сату шарты Ұлттық Банктің бөлуге сәйкес тұрғын үйді алған қызметкерлерімен жасалады. Осы Ережелердің N 2 қосымшасы бойынша сатып алу-сату шарты Ұлттық Банктің қызметкері болып табылмайтын, Ұлттық Банктің балансындағы тұрғын үйде тұратын жеке адамдармен жасалады;

2) осы Ережелердің N 4 қосымшасына сәйкес 4 (төрт) дана (қазақ және орыс тілдерінде екі данадан) міндеттеме;

3) нотариалдық орган растаған кепілдік 1 (бір) данада немесе кепілдеме беру туралы шарт 4 (төрт) данада (қазақ және орыс тілдерінде екі данадан) ұсынады.

14-1. Ережелерге NN 1 және 2 қосымшаларда көрсетілген сатып алу-сату шартын жасаған кезде ақысы мәулетпен төленетін сатылатын тұрғын үй бойынша қамтамасыз етуді таңдаған және осы қамтамасыз етуді берген адамды көрсеткен кезде оның тиісті органдарда тіркелуі, нотариалды куәландырылуы жағдайларында жеке алып қараған жөн. Сатып алу-сату шарты нотариалды куәландырылған жағдайда осы нотариалды куәландыру жөніндегі шығыстарды С а т ы п а л у ш ы к ө т е р е д і .

Ұлттық Банктің филиалдарында сатып алу-сату шартын филиалдың басшысы (директор немесе оның орнындағы адам) бас сенімхаттың негізінде жасайды.<*>

Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 465 қаулысымен .

15. Сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін осы Ережелердің 14-тармағының 1)-3)-тармақшаларында көрсетілген құжаттардың даналары мынадай тәртіппен:

1) сатып алу-сату шартының (қазақ және орыс тілдерінде), міндеттеменің (қазақ және орыс тілдерінде) екі данасы, кепілдік немесе кепілдеме беру шартының екі данасы (қазақ және орыс тілдерінде) заң бөлімшесіне немесе заң

қ ы з м е т і н е ;

2) сатып алу-сату шартының (орыс тілінде), міндеттеменің (орыс және қазақ тілдерінде), кепілдіктің немесе кепілдеме беру шартының (орыс және қазақ тілдерінде) көшірмесі жауапты бөлімшеге;

3) сатып алу-сату шартының (орыс және қазақ тілдерінде), міндеттеменің (орыс және қазақ тілдерінде) екі данасы, кепілдік данасының көшірмесі немесе кепілдеме беру шартының екі данасы (орыс және қазақ тілдерінде) Сатып алушыға ;

4) сатып алу-сату шартының (орыс және қазақ тілдерінде), міндеттеменің (орыс және қазақ тілдерінде), кепілдіктің немесе кепілдеме беру туралы шарттың (қазақ және орыс тілдерінде) көшірмесі займмен жұмыс жүргізетін бөлімшеге;

5) сатып алу-сату шартының (орыс тілінде) көшірмесі операция бөлімшесіне және бас бухгалтерияға бөлінеді.

16. Осы Ережелердің 15-тармағының 1), 2) және 4)-тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен олардың көшірмелері әрбір Сатып алушыға ашылған жеке іс қағазда тиісті заң бөлімшесінде немесе заң қызметінде және жауапты бөлімшеде сақталады, ал қолдану мерзімі өткен соң және сатып алу-сату шартының барлық талаптары орындалғанда әрбір жеке іс қағаз құжаттардың түпнұсқасымен Ұлттық Банктің мұрағатына сақтауға өткізіледі.

4. АҒЫМДАҒЫ ТӨЛЕМДЕРДІ ӨТЕУ ТӘРТІБІ

17. Сатып алу-сату шартын жасау күніне ағымдағы төлемдер бойынша берешектің сомасы бағалау комиссиясы тұрғын үйді бағалау бойынша шығыстарды ескеріп белгілеген ақысы мәулетпен төлеуге сатылатын тұрғын үйдің құнына тең .

18. Ағымдағы төлемдер бойынша берешек сатып алу-сату шартында белгіленген тәртіппен және мерзімде Сатып алушының міндеттемесі негізінде еңбек ақысынан ұстау жолымен және/немесе Ұлттық Банктің орталық аппаратының немесе филиалының орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің кассасына кезекті төлемдерді төлеу жолымен және/немесе Ұлттық Банкте ашылған есепшотқа аударым тәртібімен ақша аудару жолымен өтеледі.

19. Ағымдағы төлемдер бойынша берешекті өтеу мақсатымен жалақыдан соманы ұстап қалу үшін займмен жұмыс жүргізетін бөлімше Ұлттық Банктің орталық аппаратында - Ұлттық Банк орталық аппаратының қызметкерлермен жұмыс жүргізу бөлімшесі басшысының, Ұлттық Банктің филиалдарында - филиал басшысының қолы қойылған есептеуді жалақы бойынша есеп айырысу жүргізетін бөлімшеге жалақы есептеу күнінен бес жұмыс күні бұрын береді. Жалақы бойынша есеп айырысу жүргізетін бөлімше алынған есептеулер негізінде операция бөлімшесі Ұлттық Банктің есепшоттары бойынша сатып алушы берешегінің сомасын осы Ережелердің N 5 қосымшасына сәйкес азайту бойынша қажетті жазбалар жазу үшін тиісті төлем құжаттарын дайындайды.

Сатып алушы Ұлттық Банктің орталық аппаратының және филиалының орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің кассасына қолма-қол түрде төлем жасағанда ағымдағы төлемдер бойынша берешекті азайтуды операция бөлімшесі осы Ережелердің N 5 қосымшасына сәйкес жасайды.

Ағымдағы төлемдер аударым түрінде өтелгенде операция бөлімшесі ақша аударымы түскеннен кейін ақысы мәулетпен төлеуге сатылған тұрғын үй бойынша қарыз сомасын азайту жөніндегі тиісті жазбаларды осы Ережелердің N 5 қосымшасына сәйкес жасайды.

Ұзақ уақыт бойы демалыста, оқуда, уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты емделуде жүрген қызметкерлер ағымдағы төлемдер бойынша қарызды аударым тәртібімен не Ұлттық Банктің кассасына қолма-қол төлем жасау жолымен сатып алу-сату шартында және міндеттемеде көзделген мерзімде өтеуі тиіс. < * >

Ескерту: 19-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 465 қаулысымен .

20. Займдармен жұмыс жүргізетін бөлімшенің жауапты қызметкері төлем айынан кейінгі айдың 10 (оны) күнінен кешіктірмей ай сайын Сатып алушының берешекті толық төлеуін бақылауды ағымдағы төлемдерді өтеу кестесінде көрсетілген ағымдағы төлемдер сомасын операция бөлімшесінен алынған деректермен салыстырып тексеру жолымен жүзеге асырады. Сәйкессіздік және төлемеу фактісі байқалғанда займмен жұмыс жүргізетін бөлімше орын алған мерзімі өткен берешекті өтеу қажеттігі туралы ескерту-хат дайындап, Сатып алушыға не оның кепіл берушісіне немесе кепілшісіне Сатып алушының аты-жөнін, сатып алу-сату шартының номері мен күнін, өтіп кеткен мерзімін, мерзімі өткен берешектің сомасын көрсетіп жібереді.

Бұдан басқа, займдармен жұмыс жүргізетін бөлімше операция бөлімшесіне жетекшілік ететін Ұлттық Банк Төрағасы орынбасарының қолы қойылған мерзімі өткен берешек сомасын мерзімі өткендер есепшотына жатқызу және мәулетпен

сату бойынша берешектің барлық сомасына провизия (осы Ережелердің N 6 қосымшасы) құру туралы өкім дайындап, операция бөлімшесіне жібереді. Мерзімі өткен төлемдер Ұлттық Банктің балансында 180 (жүз сексен) күн есепте тұрады, одан кейін олар құрылған провизия есебінен шығарылуы тиіс, осыған орай займдармен жұмысты жүзеге асыратын бөлімше негізгі құрал-жабдықтар, басқа тауар-материалдық құндылықтар (қорлар) және шаруашылық қызметтің нәтижесінде пайда болған дебиторлық берешек объектілерін Ұлттық Банктің балансынан шығару және есептен шығару тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актісі белгілеген тәртіппен қарау үшін мүлікті және дебиторлық берешек сомаларын басқару жөніндегі комиссияға тиісті материалдарды жібереді . Мерзімі өткен берешек өтелгенде Ұлттық Банк кірістерінің тиісті есепшоттарында займдармен жұмыс жүргізетін бөлімше дайындаған Ұлттық Банк Төрағасының операция бөлімшесіне жетекшілік ететін орынбасарының қолы қойылған өкім негізінде көрсетіледі (осы Ережелердің N 7 қосымшасы), мұндайда бірінші кезекте есептелген айыппұл санкцияларының сомалары, содан соң негізгі борыш өтеледі .

Төлемнің мерзімі Сатып алушының кінәсінен 1 (бір) айдан асқан жағдайда займмен жұмыс жүргізетін бөлімшенің жауапты қызметкері осы Сатып алушыға қатысты талап ету есептеулерін қоса материалдарды осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес жұмыс жүргізу үшін заң бөлімшесіне (заң қызметіне) жібереді .
< * >

Ескерту: 20-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 465 қаулысымен .

21. Сатып алушының ағымдағы төлемдерді өтеуге уақытша қаржысы жетіспеген жағдайда Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары - Комиссия төрағасы Сатып алушының өтініші және жауапты бөлімшенің (филиалдарда - оның басшысының) тұжырымы негізінде Сатып алушыға оны төлеу мерзімі шегерілген төлемдерді қалған өтеу мерзіміне бөліп, үш айға шегеруге құқылы, бұл орайда берешекті өтеу мерзімі ұзартылмайды. Комиссия хатшысы осы шешімді операция бөлімшесіне және займдармен жұмыс жүргізетін бөлімшеге жібереді . < * >

Ескерту: 21-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 465 қаулысымен .

22. Мерзімін шегергеннен үш ай өткеннен кейін төлем түспеген жағдайда Сатып алушы ағымдағы төлемдер бойынша барлық қалған берешекті мерзімінен бұрын қайтаруға, сондай-ақ тұрғын үйді иеленудің және пайдаланудың барлық кезеңіне коммуналдық және басқа да көрсетілген қызметке ақы және сатып

алу-сату шартында белгіленген мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті, не Сатып алушының берешегін заңдарда белгіленген тәртіппен оның кепілдік берушісі немесе кепілшісі өтейді.

Төлем мерзімі Сатып алушының кінәсінен үш айдан асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк Сатып алушының не оның кепілдік берушісінің немесе кепілшісінің мүлкі құнынан ағымдағы төлемдер бойынша барлық қалған берешекті есептелген айыппұл санкцияларын қоса Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен сот органдары арқылы өндіріп алуға құқылы. Материалдарды сот органдарына беру үшін займмен жұмыс жүргізу бөлімшесі берген деректер негізінде заң бөлімшесі дайындайды.

23. Ұлттық Банк жүйесінен шығып кеткен Сатып алушылар ағымдағы төлем бойынша берешекті сатып алу-сату шарттарында көзделген мерзімде және тәртіппен өтейді.

Сатып алушы Ұлттық Банк жүйесінен шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің жауапты бөлімшесіне жаңа жұмыс орнынан ағымдағы төлемдер бойынша берешекті ай сайын аударып отыру туралы, сондай-ақ Сатып алушы жұмыстан тағы шыққан жағдайда ол туралы Ұлттық Банкке жазбаша хабарлау міндеттемесін (көшірмесі займмен жұмыс жүргізетін бөлімшеге) беруге міндетті.

24. Осы Ережелерде көзделген жағдайларда Сатып алушымен сатып алу-сату шартына ағымдағы төлемдер бойынша берешекті өтеудің жаңа тәртібін және мерзімін белгілейтін қосымша келісім жасалуы мүмкін.

25. Сатып алушы қайтыс болған жағдайда Ұлттық Банк өз талаптарын мұраны қабылдаған мұрагерлерге немесе мұрағатты орындаушыға немесе кепілдік берушіге (кепілшіге) берешекті өтеу жөніндегі төлем мерзімі басталуына қарамай, оның ішінде сот арқылы да қоюға құқылы.

Кепілдік беруші қайтыс болған немесе кепілші таратылған (қайта құрылған) жағдайда Сатып алушы кепілдік беруші қайтыс болған немесе кепілші таратылған (қайта құрылған) күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей заң бөлімшесіне нотариус растаған жаңа кепілдіктің немесе кепілдеме беру туралы шарттың түпнұсқасын беруге міндетті, жаңа кепілдіктің (кепілдеменің) көшірмесі жауапты бөлімшеге және займдармен жұмыс жүргізетін бөлімшеге беріледі.

26. Ұлттық Банктің жоғары білікті, Сатып алушы болып табылатын қызметкері өзінің қызметтік міндеттерін тұрғын үй алған күннен бастап екі жыл

бойы адал атқарса, сатып алу-сату шартында көзделген талаптар мен міндеттемелерді орындаса, сондай-ақ ол ағымдағы төлемдер бойынша берешектің кемінде 50 (елу) процентін өтесе, бөлімше (филиал) басшысының өтініші бойынша Ұлттық Банк Төрағасының немесе Төрағаның жетекшілік ететін орынбасарының келісімімен берешектің қалған бөлігі жекелеген жағдайларда Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің шешімі негізінде ішінара немесе толық Ұлттық Банк Басқармасының және Директорлар кеңесінің тиісті шешім қабылдау күнгі қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне және қаулыларына сәйкес өтелуі мүмкін.

27. Сатып алушыға ағымдағы төлемдер бойынша есептелген берешектің қалдығын басқа адамға қайта ресімдеу қажет болғанда, бұл мәселені екі адамның өтініштері және жауапты бөлімшенің өтініші негізінде Комиссия қарайды. Комиссияның шешімі Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады. Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі бұл мәселені оң шешкенде ағымдағы төлемдер бойынша берешектің қалдығы қайта ресімделетін адам жауапты және заң бөлімшесіне (немесе филиалдың тиісті қызметіне) осы Ережелердің 14-тармағының 1), 2), 3)-тармақшаларында аталған тиісті дәрежеде ресімделген құжаттарды беруге міндетті.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

28. Сатып алушы жасалған сатып алу-сату шарты бойынша өз міндеттемелерін толық орындағаннан кейін жауапты бөлімше тиісті материалдарды мүлікке және дебиторлық берешек сомаларына иелік ету жөніндегі комиссияға Ұлттық Банктің балансынан негізгі құрал-жабдықтар объектілерін, басқа да тауар-материалдық құндылықтарды (қорларды) және шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болған дебиторлық берешекті шығару және есептен шығару тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен қарау үшін жібереді.

Төрағасы

Ұ л т т ы қ Б а н к

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы " __ " _____
N ___ қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің ақысы
мәулетпен төленетін тұрғын үйді

№ 1 Қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 25 мамырдағы № 63 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)

САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ № _____

(Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйесінің қызметкерлері үшін)

_____ қаласы "___" _____ 1999 ж.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, бұдан әрі - Сатушы деп аталады, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде іс-қимыл жасайтын _____ арқылы, бір жағынан және _____, бұдан әрі - Сатып алушы деп аталады, _____

_____ арқылы екінші жағынан, бұдан әрі Тараптар, мына төмендегілер жайында осы Шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Сатушы өткізеді, ал Сатып алушы _____ мекен-жайында орналасқан, жалпы алаңы _____ (жазбаша) шаршы метр, тұрғын алаңы _____ (жазбаша) шаршы метр, бөлмелер саны _____ (бұдан әрі - Объект) жеке тұрғын үйді қабылдап алады және ол үшін осы Шарт талаптарында көзделген ақша сомасын мәулетпен төлейді.

Басқа тұрғын бөлмеге (бөлмелерге) шығатын (кіретін) есігі бар тұрғын бөлме, сондай-ақ тұрғын үйдің қосалқы үй-жайлары осы Шарттың дербес заты бола алмайды.

1.2. Сатып алушыға төлемді мәулетпен төлеуге ұсынылған уақыт - Тараптар Объектінің қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күннен бастап _____ (_____) жыл.

1.3. Объектіні өткізу Сатып алушы мен Сатушының уәкілетті өкілдері қол қойған қабылдау-өткізу актісінің негізінде жүзеге асырылады.

1.4. Сатушы Объектіні Сатып алушыға кепілдемені немесе _____ жылғы N _____ Кепіл ұсыну Шартын қамтамасыз ететін мәулет талаптары бойынша береді.

2. ОБЪЕКТІНІ ҚАБЫЛДАУДЫҢ - ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ

2.1. Объектіні төлемді мәулетпен төлеу талабы бойынша Сатып алушыға өткізу Тараптар осы Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Сатып алушыға өткізу сәтіндегі Объектінің техникалық жағдайы көрсетілген Объектінің екі жақты қабылдау-өткізу актісі негізінде жүргізіледі.

2.2. Тараптар қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күннен бастап Объекті өткізілді деп саналады.

3. ОБЪЕКТІНІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

3.1. Сатып алушыға мәулетпен төлеуге өткізілетін Объектінің құны _____ (_____) теңге және өсірілуге тиіс емес.

3.2. Объектінің Тараптар осы Шартты жасасқан күнге белгіленген құнын төлеуді Сатып алушы кезекті төлемді теңгемен ай сайын бірдей бөлікпен (бұдан әрі - ағымдағы төлемдер) қолма-қол ақшаны Сатушының кассасына салу арқылы немесе Сатушы Сатып алушының жалақысынан сома ұстап отыру арқылы немесе осы Шарттың 1.2. тармағында көрсетілген барлық мерзім ішінде және ағымдағы төлемдерді өтеу кестесіне (осы Шартқа N 1 Қосымша) сәйкес аудару тәртібімен төлем енгізу арқылы жүргізеді.

3.3. Коммуналдық қызмет, оның ішінде: суық және ыстық суы, құбырлар, электр қуаты, газбен қамтамасыз ету, орталықтан жылыту, байланыс қызметі (қалааралық және халықаралық сөйлесулер), тұрмыстық қалдықтарды шығару және басқа қызмет көрсету (бұдан әрі - Қызмет) үшін ақыны Сатып алушы өзі Қызмет көрсетушілер белгілеген тәртіппен және мерзімде ай сайын өз есебінен төлейді.

3.4. Тараптар Объектінің қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күннен бастап Сатып алушы Объектінің осы Шарт жасалған күнге белгіленген құнын өтеуді жүзеге асырады.

3.5. Сатып алушыға берілген мәулетпен төленетін Объекті бойынша ағымдағы төлемнің ай сайынғы мөлшері өзгермейді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. С а т у ш ы :

1) Тараптар осы Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Объектіні орналасқан жері, жалпы алаңы _____ (жазбаша) шаршы метр, тұрғын алаңы _____ (жазбаша) шаршы метр, бөлмелер саны _____, құны _____ (жазбаша) көрсетілген қабылдау-өткізу актісі негізінде Сатып алушыға өткізуге;

2) Сатып алушы Объектінің Тараптар осы Шартты жасасқан күні белгіленген толық құнын төлегеннен кейін Сатып алушыға Объектінің барлық құжаттарын беруге міндеттенеді.

4.2. С а т ы п а л у ш ы :

1) ағымдағы төлемдерді осы Шартта көзделген тәртіппен _____ жылғы "___" _____ дейін уақытылы төлеуге;

2) Қызмет үшін ақыны уақытылы және толық төлеп тұруға;

3) ұзақ уақыт демалыста, оқуда немесе уақытша еңбекке жарамсыздығымен байланысты емделуде болған жағдайда ағымдағы төлемдерді осы Шартта көзделген тәртіппен төлеуге;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйесінен қызметтен босатылған жағдайда ағымдағы төлемдер бойынша берешегін қолма-қол ақшаны Сатушының кассасына салу арқылы немесе осы Шартта көзделген мерзімде аудару тәртібімен төлем енгізу арқылы өтеуге;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйесінен қызметтен босатылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сатушыға жаңа жұмыс

орнынан ағымдағы төлемдер бойынша берешегін ай сайын аударатыны туралы міндеттемені ұсынуға, сондай-ақ Сатып алушы келесіде жұмыстан босатылған жағдайда қызметтен босатылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы Сатушыны жазбаша хабардар етуге;

6) Сатушы оған уақытын шегергеннен кейін 3 (үш) ай өткен соң төлем түспеген жағдайда ағымдағы төлемдер бойынша барлық қалған берешегін мерзімінен бұрын қайтаруға, сондай-ақ мәулет төлемінің барлық кезеңі үшін Қызметтің ақысын төлеуге;

7) кепіл иесі қайтыс болған немесе Шарт бойынша кепілдеме беруші таратылған (қайта құрылған) жағдайда _____ жылғы N ____ кепілдемені немесе нотариалды куәландырылған кепіл хатын кепіл иесі қайтыс болған немесе кепілдеме беруші таратылған (қайта құрылған) күннен бастап 1 (бір) айдан кешіктірмей Сатушыға кепіл хатының немесе Кепіл ұсыну шартының нотариалды куәландырылған жаңа түпнұсқасын беруге;

8) Объектіні санитарлық және өртке қарсы ережелерде көзделген тәртіппен ұстауға ;

9) Объектіде өз есебінен қажетті ағымдағы және/немесе күрделі жөндеу жүргізуге ;

10) апат Сатушының кінәсінен болмаған жағдайда оларды жою үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға ;

11) осы Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда осы Шарт бұзылған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Объектінің бүтіндігіне зиян келтірмейінше алуға болмайтын Сатып алушы жүргізген күрделі және/немесе ағымдағы жөндеуді өтемсіз беруді қоса алғанда Объектіні жарамды күйінде қабылдау-өткізу актісі бойынша Сатушыға өткізуге;

12) осы Шартты қозғалмайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуден өткізуді және олармен мәміле жүргізуді жүзеге асыратын нотариуста және органдарда өз есебінен нотариалды куәландыруға және тіркеуден өткізуге және нотариалды куәландырылған және тіркеуден өткен Шарттың орыс және қазақ тілдеріндегі түпнұсқаларының 1 (бір) данасын Сатушыға беруге;<*>

13) Сатушы Объектінің құжаттарын бергеннен кейін Объектіге меншік құқығын ресімдеуді өз есебінен жүргізуге міндеттенеді.

Ескерту: 4.2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 465 қаулысымен .

4.3. Сатып алушы Объект бойынша барлық төлемдерді қоса алғанда берешегін алдын ала өтей және Сатушыны 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын жазбаға ескерте отырып, осы Шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен б ұ з у ғ а қ ұ қ ы л ы .

4.4. Сатып алушының осы Шарт бойынша өзінің құқығын, міндеттерін немесе одан туындайтын мүддені Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 328 қаулысымен бекітілген " Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы" ережеде көрсетілгеннен басқа жағдайда үшінші адамға б е р у г е қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

4.5. Сатып алушы Сатушының жазбаша келісімінсіз Объектіні үшінші адамға ж а л ғ а б е р у г е қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

4.6. Сатушы Сатып алушыға Объектіні үшінші адамға жалға беруге жазбаша келісім берген жағдайда, Сатып алушы Сатушының талабына сай үшінші адам туралы барлық мәліметтерді толық көлемде Сатушыға беруге міндеттенеді. Сонымен бірге, Сатып алушының осы Шартта көзделген міндеттемелері бойынша жауапкершілікті Сатып алушы өзі көтереді.

5. МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

5.1. Объектіге меншік құқығы Сатып алушы уәкілетті органда Объектіні тіркеуден өткізгеннен кейін осы Шарт талаптарына сәйкес Объектінің құнын толық төлеген кезде Сатып алушыға көшіріледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар осы Шарт талаптарын орындамаған немесе ойдағыдай орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

6.2. Сатып алушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе ойдағыдай орындамаған жағдайда ол Сатушы шеккен зиянның орнын толтырады және келтірілген залал сомасының 10 (он проценті) мөлшерінде Сатушыға айыппұл төлейді.

6.3. Сатып алушы осы Шартта көзделген ағымдағы төлемдерді төлеуді кешеуілдеткен жағдайда, қолданылып жүрген заңда көзделген тәртіппен сот органдары арқылы Сатып алушының немесе оның кепіл берушісінің немесе кепіл иесінің мүліктері құнынан Сатушы мәулетпен төленетін Объекті бойынша барлық берешекті ұстап қалуға құқылы.

6.4. Сатып алушы осы Шартта көзделген ағымдағы төлемдерді кешеуілдеткен жағдайда, ол әрбір кешеуілдетілген күнтізбелік күн үшін төленуге тиісті соманың 0,1% (ноль бүгін оннан бір проценті) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

6.5. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.6. Сатып алушының кінәсінен Объектіге зиян келтірілген жағдайда, ол оны байқаған сәттегі бағаға сәйкес толық мүліктік жауапкершілік жүктейді.

7. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

7.1. Тараптар болжай алмаған және осы Шартты орындауға кедергі болған дүлей күштің, атап айтқанда: су тасқыны, жер сілкінісі, табиғат апаты, қоршау, ереуілдер, әскери іс-қимылдар және басқа жағдайларда Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті орындамау жауапкершілігінен босатылады. Дүлей күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлардың болған кезеңіне ұзартылады.

Төтенше жағдайлар 1 (бір) айдан асып кеткен жағдайда, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін әрі қарай орындаудан бас тартуға құқықтары бар. Сонымен бірге Тараптардың ешқайсысының басқа тараптан қандай да бір шығынның орнын толтыруды талап етуге құқығы жоқ.

7.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап дереу осы Шарттың 7.1. тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны және тоқтағаны туралы басқа Тарапты хабардар етуге міндеттенеді.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

8.1. Осы Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды сот тәртібінен тыс реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді.

8.2. Тараптар өзара келісімге келе алмаған кезде даулар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

9. БАСҚА ТАЛАПТАР

9.1. Сатып алушы Объектіні мерзімінен бұрын сатып алған кезде бұрынғы төленген ағымдағы төлемдер осы Объектінің жалпы сомасының есебіне ж а т қ ы з ы л а д ы .

9.2. осы Шарт мыналардың негізінде бұзылуы мүмкін:

1) Тараптардың келісімі;

2) төтенше жағдайлардың туындауы;

3) соттың шешімі;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа жағдайлар.

9.3. Сатушы қайта құрылған жағдайда осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және тараптардың заңды мұрагерлеріне көшіріледі.

9.4. Сатып алушы қайтыс болған жағдайда Объектіні және Объект бойынша бұдан былайғы ағымдағы төлемдер құнының төлемі бойынша берешекті қайтару Ережеде және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

9.5. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Ережені, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің ақысы мәулетпен төленетін Объектіні сатуы туралы 1999 жылғы "___"_____ N шешімін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын

және осы Шартты басшылыққа алады.

9.6. Осы Шарт Тараптар қол қойған және ол уәкілетті органда тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

9.7. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

9.8. Осы Шарт төрт дана етіп жасалды: әрбір Тарап үшін екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде, әрқайсысының заң күші бірдей.

Осы Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда Шарттың орыс тіліндегі нұсқасына басымдық беріледі.

9.9. Осы Шартқа барлық Қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

10. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

С а т у ш ы

С а т ы п а л у ш ы

Ұ л т т ы қ Б а н к

Үйінің мекен-жайы _____

жеке куәлігі/паспорты _____

кімнің бергені _____

қашан _____

СТН _____

Сатушыдан

Сатып алушыдан

1999 жылғы _____

№ _____

Сатып алу-сату шартына

№ 1 қосымша

Ағымдағы төлемдерді өтеу кестесі

Сатып алушының аты-жөні немесе атауы _____

Сатып алушының ағымдағы төлем жөніндегі берешегінің сатып алу-сату шарты жасалған күнгі қарыздарының қалдығы _____ (_____) теңге.

Төлем мәулетінің ұзақтығы _____ (_____) жыл.

Ай сайынғы ағымдағы төлем сомасы _____ теңге.

Жылы ! Айы ! Қарыз ! Ағымдағы ! Ескерту*
! ! сомасы, ! төлемдер !
! ! теңгемен ! сомасы, !
! ! ! теңгемен !

Ж и ы н ы :

* - Осы кестеде төлем құжатының атауы, мерзімі мен нөмірі көрсетіледі, сондай-ақ, нақты төленген ағымдағы төлем ай сайынғы ағымдағы төлемнен ауытқыған жағдайда, ауытқу сомасы көрсетіледі.

Сатып алушының қолы _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы " __ " _____
N ____ қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің ақысы
мәулетпен төленетін тұрғын үйді
сатуы туралы ережелерге

№ 2 Қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 25 мамырдағы N 63 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ N _____

(Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйесінен кеткен және тұрғын үйде тұрып жатқан адамдар үшін)

_____ қаласы " __ " _____ 1999 ж.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, бұдан әрі - Сатушы деп аталады, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде іс-қимыл жасайтын

_____ арқылы, бір жағынан және _____ мекен-жайында тұратын азамат _____ (азаматша) кім берген, қашан _____ паспорт (жеке куәлігі) _____ арқылы екінші жағынан, бұдан әрі - Сатып алушы деп аталады, бұдан әрі Тараптар, мына төмендегілер жайында осы Шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Сатушы өткізеді, ал Сатып алушы _____ мекен-жайында орналасқан, жалпы алаңы _____ (жазбаша) шаршы метр, тұрғын алаңы _____ (жазбаша) шаршы метр, бөлмелер саны _____ (бұдан әрі - Объект) жеке тұрғын үйді қабылдап алады және ол үшін осы Шарт талаптарында көзделген ақша сомасын мәулетпен төлейді.

Басқа тұрғын бөлмеге (бөлмелерге) шығатын (кіретін) есігі бар тұрғын бөлме, сондай-ақ тұрғын үйдің қосалқы үй-жайлары осы Шарттың дербес заты бола алмайды.

1.2. Сатып алушыға төлемді мәулетпен төлеуге ұсынылған уақыт - Тараптар Объектінің қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күннен бастап _____ (_____) жыл.

1.3. Объектіні өткізу Сатып алушы мен Сатушының уәкілетті өкілдері қол қойған қабылдау-өткізу актісінің негізінде жүзеге асырылады.

1.4. Сатушы Объектіні Сатып алушыға кепілдемені немесе _____ жылғы N _____ Кепіл ұсыну Шартын қамтамасыз ететін мәулет талаптары бойынша береді.

2. ОБЪЕКТІНІ ҚАБЫЛДАУДЫҢ - ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ

2.1 Объектіні төлемді мәулетпен төлеу талабы бойынша Сатып алушыға өткізу Тараптар осы Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Сатып алушыға өткізу сәтіндегі Объектінің техникалық жағдайы көрсетілген Объектінің екі жақты қабылдау-өткізу актісі негізінде жүргізіледі.

2.2. Тараптар қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күннен бастап Объекті өткізілді деп саналады.

3. ОБЪЕКТІНІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

3.1. Сатып алушыға мәулетпен төлеуге өткізілетін Объектінің құны _____
_____(_____) теңге және өсірілуге немесе кемітілуге тиіс емес.

